

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Бекітемін»

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
педагогикалық университетінің

Басқарма төрағасы - Ректор

Г.Д.Сугирбаева

2023ж

**6В01403 - Музыка мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы
бойынша түсуші талапкерлердің шығармашылық емтиханы бойынша
білім деңгейін бағалау ережесі**

Шымкент – 2023

1. Жалпы ережелер

1. Бірыңғай шығармашылық емтихандарды (бұдан әрі - БШЕ) өткізудің осы Ережелері жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелеріне сәйкес әзірленді.
2. БШЕ білім беру бағдарламасының 6B01403 музыка мұғалімін даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орындарына түсетін талапкерлер үшін өткізіледі.
3. БШЕ-ге талапкерлердің өтініштерін қабылдау олардың таңдаған жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында (бұдан әрі ЖЖОКБҰ) орналасқан жері бойынша жүзеге асырылады.
4. БШЕ жүргізу нысаны мен нәтижелерін бағалау осы Ережелерге сәйкес анықталады.
5. Шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін құрамы Университет Басқарма төрағасы - Ректордың бұйрығымен бекітілетін емтихан комиссиялары құрылады.
6. Шығармашылық емтихандардың кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты және өткізу орны, кеңестер) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғаннан кешіктірмей талапкерлердің назарына жеткізіледі.
7. БШЕ жалпы орта білім базасында оқуға түсетін талапкерлер үшін 45 балдық жүйе бойынша, колледж бітіргендер үшін 20 балмен бағаланады.
8. Бірінші шығармашылық емтиханда белгіленген балл санынан төмен балл алған талапкерлер келесі емтиханға жіберілмейді.
9. Емтихан өткізу кезеңінде талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және даулы мәселелерді шешу, шығармашылық емтихан тапсырушы адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында апелляциялық комиссия құрылады.
10. Апелляциялық комиссия шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеген адамдардың өтініштерін қарау үшін құрылады. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы Басқарма төрағасы - Ректордың бұйрығымен бекітіледі.
11. Апелляцияға өтінішті шығармашылық емтихан тапсырған талапкер апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке береді. Өтініштер шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия оны бір тәулік ішінде қарайды.
12. Апелляциялық комиссия әрбір тұлғамен жеке тәртіппен жұмыс жасайды. Талапкер апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.
13. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен рәсімделеді.
14. Емтиханға қатысуға рұқсатты талапкер жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде емтихан комиссиясының мүшесі, емтихан өткізуге тартылған арнайы кезекшілер қамтамасыз етеді;
15. Емтиханға дәлелді себептермен кешіккен немесе келмеген жағдайда талапкер жазбаша өтініш негізінде емтихан комиссиясы төрағасының рұқсаты бойынша бекітілген кесте шеңберінде басқа уақытта шығармашылық емтиханға жіберіледі және емтиханды өткізіп алудың дәлелді себебін растайтын құжатты ұсынады.
16. ЖДД бойынша БШТ нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.
17. ЖДД бойынша БШЕ-де 5 балдан төмен алған кезде талапкер автоматты түрде келесі шығармашылық емтиханға жіберілмейді;
18. B01403 - Музыка мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша түсуші талапкерлердің шығармашылық емтихандарының білім деңгейін бағалау дәстүрлі түрде өткізіледі. Бағалау университеттің Ғылыми кеңесімен бекітілетін Академиялық адалдық қағидаларына не

В01403 - Музыка мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша түсуші талапкерлердің шығармашылық емтихандарының білім деңгейін бағалау дәстүрлі түрде өткізіледі. Бағалау университеттің Ғылыми кеңесімен бекітілетін Академиялық адалдық қағидаларына негізделеді.

2. Шығармашылық емтихандарды өткізуге даярлық жұмыстары

2.1. Талапкерлерге кеңес беру кестелері жасалып, дәстүрлі түрде өткізіледі.

2.2. Комиссия хатшысы талапкерлерді шығармашылық емтихандарын тапсыру тәртібімен таныстырады

3. Музыкалық дайындығы жоқ талапкерлер үшін

1- шығармашылық емтихан

Орындау шеберлігі

Аспапта ойнау: талапкердің қалауынша домбыра, баян, күйсандық, аккардеон, қобыз, гитара т.б.

Ән айту: ән талапкердің дауыс көлемін толық көрсетуі тиіс. Міндетті түрде екі ән айту керек: біріншісі халық әні, екіншісі талапкердің өз қалауы бойынша. Әнді өзі сүйемелдеп және сүйемелдеусіз айту

1.Егер талапкер аспапты өте жоғары деңгейде меңгерсе, дауыс ерекшеліктері, орындау шеберлігі өте жоғары болса, оған 35-45 аралығындағы балл қойылады.

2.Егер талапкер аспапты жақсы меңгерген болса, орындау шеберлігі, дауыс ерекшеліктері жақсы болса, оған 24-34 аралығындағы балл қойылады.

3.Егер талапкер аспапты орташа деңгейде меңгерсе, орындау шеберлігі қанағаттанарлық, дауыс мүмкіншілігі, ән айту деңгейі төмен, ән ырғағы орташа болса, оған 13-23 аралығындағы балл қойылады.

4. Егер талапкердің аспапты ойнау деңгейі төмен, ән айту қабілеті өте нашар болса, оған 0-12 аралығында балл қойылады.

ЕСКЕРТУ: Аспапта ойнау өнердің басқа түрімен алматырылса болады, (мысалы: би өнері, театр өнері, билеу, көркемсөз оқу, монолог оқу)

Жалпы музыкалық қабілетін көрсету

2- шығармашылық емтихан

Музыкалық қабілеттерін тексеру: бір, екі, үш, төрт дыбыстарды анықтап оларды даусымен айта білу, әр түрлі ырғақты қысқа фразаларды, сөйлемдерді, әуендерді аспапта қалай ойналса, соны өзгертпей дауыспен қайталау, әр түрлі ұзақтықтағы жәй, тез ырғақтарды өзгертпей қайталау.

Қосымша сұрақтарға жауап беру: Қазақ халық сазгерлерінің, Қазақстан сазгерлерінің шығармашылығы, Қазақстандағы мәдениет, өнер орталықтары, т.б.

1.Егер талапкердің есту, есте сақтау, ырғақты сезіну қабілеттері өте жоғары деңгейде болса, сұрақтарға толық жауап берсе, оған 35-45 аралығындағы балл қойылады.

2.Егер талапкердің есту, есте сақтау, ырғақты сезіну қабілеттері жақсы болса, сұрақтарға жақсы жауап берсе, оған 24-34 аралығындағы балл қойылады.

3.Егер талапкердің есту, есте сақтау, ырғақты сезіну қабілеттері орташа болып, сұрақтарға орташа жауап берсе, оған 13-23 аралығындағы балл қойылады.

4.Егер талапкердің есту, есте сақтау, ырғақты сезіну қабілеттері қанағаттанарлықсыз болып,сұрақтарға жауап бере алмаса, оған 0-12 аралығындағы балл қойылады.

**4. Музыкалық дайындығы бар талапкерлер үшін)
Шығармашылық емтихан
Орындаушылық шеберлік**

Аспапта ойнау: Күрделі форма немесе кіші күрделі форма соната, сонатиналар, классикалық шығармалар, күйлер.

Ән айту (вокал, дәстүрлі ән): Ән талапкердің дауыс көлемін толық көрсетуі тиіс. Міндетті түрде екі ән айту керек: біріншісі халық әні немесе классикалық вокал, екіншісі еркін тақырыптағы ән. Әнді өзі сүйемелдеп және сүйемелдеусіз айту(acapella).

Музыкалық қабілеттерін тексеру: есту, есте сақтау, ырғақты сезіну. Белгіленген дыбыстан мажорды, минорды ажырата білу, тональдіктерді айта білу, музыка теориясынан білімін тексеру.

1.Егер талапкер көрсетілген екі шығарманы аспапта жоғары деңгейде ньюанстарымен, техникалық ырғақтарымен, орындау шеберлігі жоғары, музыканы сезіну қабілетімен үйлесіп жатса, дауыс ерекшеліктері жоғары деңгейде болса, музыкалық қабілеттері өте жоғары, кәсіби деңгейде болса, оған 17-20 аралығындағы балл қойылады.

2. Егер талапкер көрсетілген шығармалардың музыкалық мазмұнын біршама жақсы дәрежеде ойнау шеберінде жеткізсе, аспапты игеру дәрежесі жақсы болса, дауыс көлемі орташа болса, бірақ өзі аспаппен сүйемелдей білсе, музыкалық қабілеттері жоғары деңгейде болса, оған 13-16 аралығындағы балл қойылады.

3.Егер талапкердің шығармаларды орындау шеберлігі орташа, ырғақты дұрыс ойнамаса, дауыс мүмкіншілігі, ән айту деңгейі төмен, ән ырғағы орташа, музыкалық қабілеттері орташа болса, оған 9-12 аралығындағы балл қойылады.

4.Егер талапкердің орындау шеберлігі, ән айту және музыкалық қабілеттері қанағаттанарлық болса, оған 5-8 аралығындағы балл қойылады.

5.Егер орындау шеберлігі өте төмен, ән айту және музыкалық қабілеттері өте нашар болса, оған 0-4 аралығындағы балл қойылады.

(Музыкалық дайындығы жоқ талапкерлер үшін)

Ең жоғары балл – 45 балл

Ең төменгі балл – 0 балл

«5» деген – 35-45 балл

«4» деген – 24-34 балл

«3» деген – 13 -23 балл

«2» деген – 0-12 балл

(Музыкалық дайындығы бар талапкерлер үшін)

Ең жоғары балл – 20 балл

Ең төменгі балл – 0 балл

«5» деген – 17-20 балл

«4» деген – 9-16 балл

«3» деген – 5-8 балл

«2» деген – 0-4 балл

Кафедра мәжілісінде қаралды. №10 хаттама, 25.05 2023 ж.

Кафедра меңгерушісі



Досбағанбетова А.Т.